

Психикалық аурулардағы танымдық іс-әрекеттің бұзылуы

Түйсік-танымның бастапқы негізі бұзылып табылады. Ауытқу немесе талдағыштардың бір бөлігінің зақымдануы сезгіштіктің бұзылуларының әртүрлілігімен көрініс береді. Сезгіштік деп түйсіне алу қабілетін айтамыз. Түйсіктің ауытқулары сандық және сапалық болып бөлінеді.

- Түйсіктің сандық өзгерістері:

Гиперестезия (жоғарғы сезгіштік) - түйсіктің табалдырығының төмендеуінің салдарынан сезгіштіктің артуы. Мысалы: электр лампасының жарығы өте айқын, радионың бәсең дыбысы мен басқа бөлмедегі дауыстар қатты болып сезіледі. Көру және есту гиперестезиялары жиі кездеседі.

Гипостезия – түйсіктің табалдырығының жоғарлауының арқасында сезгіштіктің төмендеуі. Мысалы: науқас жарыққа, ылғал төсекке, ыстыққа, суыққа жауап бермейді. Жүйке жүйесінің , оның перифериялық бөлігі және өткізуші жолдарының аурулары кезінде жиі кездеседі.

Анестезия – сезгіштіктің жоғалуы. Ол сезгіштіктің барлық түрін (жалпы анестезия) немесе жеке бөліктерін (парциалды анестезия) қамтуы мүмкін.

Түйсіктің сапалық өзгерістері:

Парестезиялар– дененің әр бөлігіндегі ұю, шаншу, күю сияқты өздігінен немесе сыртқы әсерден кейін пайда болған түйсіктер.

Сенестопатиялар – жинақталуы жағынан нақты анатомиялық және топографиялық иннервацияға сәйкес келмейтін, аяқ астынан пайда болатын ауыр түйсіктер. Мысалы: «денеде тоқ немесе толқын жүргендей» болады, дене тырысады, жарылады, қайнайды, құбылады т.б.

Сенестезиялар – дененің сезгіштігінің жалпы бұзылуы. Мысалы: аяқ астынан дененің әлсіреуі, ауырлауы немесе жеңілдеуі, жүйесіз бас айналулар, жүріс кезіндегі теңселулер мен өз-өзіне сенбеуліктер. Дәм сезу түйсігінің өзгерісін дисгвезия деп аталыныды.

Зейін - адамның қандай да бір психикалық іс - әрекетті орындау шарты. Зейін процестерінсіз адамның психикалық өмірі хаотикалық сезімдер, қобалжулар, ойлау, түйсіктердің ағылуы. Зейін осы ағымдарды белгілі бір бағыт бойынша жіберетін психикалық құрылым болып табылады. Зейін өз бетімен өмір сүрмейді. Ол барлық таным процестерінің динамикалық жағы, сонымен қатар ойлау, қабылдау, қиял, естің ішінде көрінеді. Зейін - бұл қандай да бір объектіде, құбылыста немесе іс - әрекет түрінде ақыл - ойдың бағытталуы.

Зейін барлық психикалық процестермен байланысты, олардың ішінде, көбінесе, ес, ойлау, эмоция, ерік, қызығушылық және қанағаттанушылық, қарым - қатынаспен тығыз байланыста. Сонымен қатар зейін жеке тұлғаның бағыттылығы және қызығушылықтарымен тығыз байланысты. Бұның мінездемесі жеке тұлғаның объектке және құбылысқа деген бағыттылығын көрсетеді.

Қабылдау – ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етіп, тұтастай заттық түрде бейнеленуі.

Ал түйсік - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттері мен сапаларының миымызда бейнеленуі.

Бірақ, қабылдау міндетті түрде түйсіктерге негізделеді. Екеуінің де пайда болуы үшін дүниедегі заттар мен құбылыстар адамның сыртқы сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі керек.



Амнезия бір мерзімінің оқиғалардың толығынан естен шығуы.

Гипермнезия естің өткірленуі, әсіресе өткен жағдайларда.

Парамнезия жалған ес, естің кемістіктерін ойдан шығарып толтыру не оқиғаларды уақыттан ауыстыру.

- Зейіннің бағыттылығы сайлауда, өндірістік және өндірістік емес таңдауда, объектілерді ерекшелеуде, субъекттің өзіне сай қанағаттануында оның іс - әрекеттегі мақсат және міндеттерінде көрінеді. Белгілі бір объектіні қадағалау кезінде басқа кедергілерге мән бермеу қажет, яғни басқа объектілерге назар аудармау қажет.
- Сонымен қатар зейін психикалық іс - әрекеттерге қолайлы жағдай туғызады және әр – түрлі психикалық процестердің көмегімен іс - әрекетті көрсетуге жағдай жасайды. Зейіннің күйімен адам іс - әрекеттері байланысты, бұған оның қоршаған ортаға бейімделуі жатады.

- Ес - өткен тәжірибені ендіру, сақтау және қайта жаңғырту. Ес бұзылуы - ұмытшақтықтар, қате еске түсірулер. Парасат бұзылуы - тума кемақылдылық, кейіннен пайда болған кемақылдылық. Дисмнезия деп естің әлсіреуінің әр алуан түрлерін еске алу, сақтау және еске түсірудің төмендеуін айтады. Естің әлсіздігі психикалық аурулардың көптеген түрлерінде басталады. Естің нашарлауының неғұрлым ерте көрінісіне сол сәтке қажетті ес материалын еске түсірудің қиындығы жатады. Бұл, әсіресе, даталарды (оқиғалар жылнамасы), атаулар мен есімдерді, терминдерді, белгілі бір ұғымдарды, яғни неғұрлым дара, жіктелген, естің дерексіз материалын еске түсіруге қиналудан көрінеді.

- Сана дегеніміз — объективтік дүниенің субъективтік бейнесі. Біз субъективтік бейне жайында әңгіме еткенде, оны шындықтың бұрмаланған бейнесі деп түсінбейміз, қайта қандай да бір идеалдық, яғни К. Марке атап көрсеткендей, адам басында өңделген, өзгертілген материялық деп қараймыз.
- Сана мен өзіндік сананың ауытқулары. Клиникалық парактикада науқастың санасын бағалауға көп көңіл бөлінеді. Психикалық қалпын сипаттағанда санасының жағдайына міндетті түрде көңіл аударылады. Науқастың санасының бұзылуы онымен контактіге түсуді қиындатуы, бұрмалауы немесе жоққа шығаруы мүмкін, бірақ бұл ауытқуларды талдау науқастың жалпы жағдайын бағалауға, себептерін анықтауға және динамикасын болжауға мүмкіндік береді.